

84.5893  
632

# БӘЙШЕШЕКТЕР ПОДСНЕЖНИКИ





**БАЙШЕШЕКТЕР**

**ПОДСНЕЖНИКИ**



**Издательство  
«Северный Казахстан»  
2004 год**

# ЖЫР - ҒҰМЫР

## Алғысөз орнына

**Жыр - ғұмыр.** Ақын атаулының жүрегін тербеп, адам баласын еліктіріп, емірентетін сезімдермен ізгі көңіл толқынын тулатқан ғұмырдың әрбір сәттерін шертіп жатса – ол қалайша ғұмыр болмас?

Ақын ғұмыры ерекше бір ғалам саналатындығы содан ау, сірә! Түсініп, ұғып көр сол ғұмырды. Бірде қамығатың, бірде жаңылатың, бірде сағынатың, бірде тулаған толқындай ағылатын сезімдерді жиып жатқан бір кеніш – ақын жүрегі. Жыр деген жыныс талғамайды ғой, өйткені сезім адам баласына ортақ құбылыс. Ал, ақын да адам болғандықтан сезімін шертеді, сырласады.

Сыр демекші, ақын өлеңді еркелетуі керек. Еркелетудің жайын ұлы Абай жақсы айтқан.

“Өлең, шіркін, өсекші, жұртқа жаяр,  
Сырымды тоқтатайын айта бермей“, –  
дейді данышпан.

Абай өлеңді “өсекші” дегені – еркелеткені, әлдилегені, сәбиін тербеткен анадай иігені.

Біздің ақындарымыз да солай ұғынса абзал. Мына, Есіл – Көкше өңірінің қыз-келіншек, ана ақындары жырды осылайша еркелетсе – құба-құп.

Осынау оқырманға ұсынылған жинақта қыз-келіншек, ана ақындарымыздың ғұмыр сыры бар. Тіпті тәнті болған, ризалық сезіміне бөленген тәтті жырлар жоқ емес. Оқи отырып, “бәрекелді!” деп ақын жырына да, сырына да сүйсінетін тұсың бар, әлжуаз, дәрменсіз “өлеңге” өкпелеп, кейітін кезің де болады. Адамның өзі қандай әралуан болса – жыр да солай әрқилы.

Осы жинаққа жырлары кірген ақындарымыздың жасы бар, жасамысы бар – “өлеңге әркімнің де бар таласы” деген қағиданы айғақтаса, алайда ақындық қуатымен риза етсе деген тілек пен ниетке берілеміз.

Жыр – ғұмырдың мектебі бар. Осы орайда қазақта жырдың тамыры терең екендігін айғақтаудың өзі ерсі. Әйел ақындарымыздың басы Сара емес, тамыры тереңде. Әйел ақындардың жыр бастауы – бесік жыры. Өлең отбасынан желі тартуы абзал.

Ендеше, біз осы ақындарымыздың жыр тұңғышы – ана әлдиі дегіміз келеді. Бір айтпағымыз – бүгінгі Ақұштап, Марфуға, Ханбибі, Күләш, Фариза, олардан неше мүшел кіші Гүлнәр Салықбаева осы бесіктен өсіп шыққандар.

Біз де осы қатарда Есіл – Көкше өңірлерінің өкілдері маңдайы жарқырап жүруін қалаймыз.

Сапар сәтті болғай!

**Зейнолла ӘКІМЖАНОВ,**  
**ақын, Қазақстан Жазушылар**  
**одағының мүшесі.**

## ***“Дарите женщинам цветы, Дарите их как можно чаще”***

- кто из нас не воспримет всей душой эти идущие из глубины сердца поэтические строки.

В самом деле, что может быть приятней букета цветов, подаренного любимым в день рождения, в дни памятных дат и, конечно, на Восьмое марта.

А среди всех других цветов в этот день, быть может, самые прекрасные - только что пробудившиеся к жизни и проклюнувшиеся из-под земли подснежники. Ведь они самые первые из всех, что расцветут потом.

Стихи и новеллы, что представлены здесь авторами разных возрастов и профессий (среди них учителя, медики, студенты, школьники, предприниматели и просто домохозяйки), - тоже сродни подснежникам, первым весенним вестникам.

Различен уровень мастерства опубликованных произведений: одни из участников сборника пишут их уже давно, другие делают только первые шаги. И пусть отдельным из них еще не хватает ху-

дожественного мастерства, всех авторов объединяет одно - увлечение поэзией, стремление выразить свои мысли и чувства, поделиться самым сокровенным. Для большинства это, быть может, первая встреча со своей поэтической весной. Так давайте не будем их судить строго, а пожелаем, чтобы она, эта встреча, была такой же искренней, солнечной, как первые подснежники, подаренные любимым весенним мартовским днем.

Доброго вам пути!

*Владимир ШЕСТЕРИКОВ,  
поэт, член Союза писателей Казахстана*



*Асыл*  
**АКИМЖАНОВА**

*Родилась в 1984 году. Учится на четвертом курсе гуманитарного колледжа им. Магжана Жумабаева, отделение английского языка. Живет в Петропавловске.*

**МАГЖАН**

О, стих мой, ты мне лишь улада,  
Когда просветов в жизни нет.  
Когда за жизнь бороться надо,  
Но так, как борется поэт.  
Тот век долиной был печали,  
Страна глухих, слепых, немых.  
Молчали люди, все молчали,  
Слова лишали жизни их.  
Замолк поэт, замолкло слово,  
Замолкла правда. Мрак ночи.  
Шныряют ложь и сумрак снова,  
Ты хочешь жить, поэт? Молчи!  
Молчи для радости, для горя,  
Пусть голос правды не звучит.  
Их всех постигла эта доля,

И если жизнь важна, молчи.  
И вдруг сквозь твердь земли пробился  
Красивый, неземной цветок.  
Он в этот мир творить явился,  
И был один среди сорняков.  
И вот поэт запел, как птица,  
Запел, как гордый соловей.  
Он знал, что с ними не сравнится  
Никто из этих нелюдей.  
Поэт был гордым и упрямым,  
Правдивым был в своих стихах.  
И церберу сказал он прямо:  
“Я буду жить в людских сердцах!”  
Упал, сраженный пулей дерзкой,  
Он не боялся вражьих стрел.  
И долго-долго цербер мерзкий  
В упор на юношу смотрел.  
Талантлив был Магжан-поэт,  
Стихи, поэмы и рассказы...  
Писал о жизни он тех лет,  
Крылаты стали его фразы.  
И среди нас ему нет равных,  
Его победы нам не счесть.  
И пал поэт, пал смертью храбрых  
За доблесть, мужество и честь.  
И в страшный день Армагеддона,  
Сквозь пыль и прах глубоких ран,  
Те люди, что его любили,  
Из камня высекут: “Магжан”.



\*\*\*

Пишу стихи по зову сердца,  
И, нужный план не намечая,  
Нахлынет ливень вдохновенья,  
Как нужно, форму строк слагая.

Пишу стихи по вдохновению,  
Душевных струн касаюсь я.  
Когда настанет час творения,  
Мне чужды цепи бытия.

*г. Петропавловск*



**Татьяна  
АРБУЗОВА**

*Родилась в 1965 году.  
Живет в селе Червоном.  
Воспитывает троих детей.  
Домохозяйка.*

## ФРЕГАТ

Безбрежное море, простор голубой,  
На волнах фрегат под названием “Лихой”,  
На небе диск солнца и моря краса,  
И ветер игриво ласкает власа,  
Крик чаек вдогонку несется за мной,  
Очнулась от дум:  
Сей фрегат – неживой,  
Керамики плитка  
На стенке лежит,  
Но глазу приятно.  
И душу пленит...

\* \* \*

Ветер срывает  
С деревьев листву,  
Мчит по дороге,  
Наводит тоску.  
Пасмурно, сыро,  
На сердце печаль,

Вышла на улицу,  
Глянула вдаль.  
Ветрено, серо,  
Безлюдна дорога,  
Птичек не видно,  
Стою у порога.  
Буду стоять,  
В дом ли зайду,  
Плачет душа,  
Гонит ветер листву.

*Район им. Г.Мусрепова*



## Бақыт ӘБДІЛМАНОВА

*1957 жылы Сырымбетте орта мектепті күміс медальмен бітіріп, Алматыдағы әйелдер институтын аяқтағаннан кейін Бақыт Әбділманова ұзақ жылдар облыс мектептерінде математикадан сабақ берді. Қазір құрметті еңбек демалысында. Ұлқыз өсіріп, немере сүйген бақытты әже.*

## СЫРЫМБЕТ

Тауы бар Сырымбеттей  
Айдынды Көкшетаудың  
Әні бар Сырымбеттей  
Әйгілі сері Ақанның,  
Арайлы ақ таңы  
Егінжай ел маңы.  
Қонақжай ауылым  
Сырымбет бауыры.  
Ежелден ертегі  
Жүрек сыр шертеді.  
Құрбылар сырласып  
Еске алар өткенді.  
Сырымбет Шоқандай  
Ғалымның ауылы.  
Сырымбет Ақандай  
Серінің ауылы.  
Шиелі ну бағы.

Зәмзәмдай бұлағы.  
Сәулелі туған ай  
Сұлудың қабағы.  
Ауылым, аңсаған  
Ынтықпын бір саған.  
Балаң жүр сағынып  
Көрем деп мен қашан.  
Аяулы, мектебім,  
Есімнен кетпедің.  
Қарсы алдым өзінде  
Махаббат көктемін.  
Қарағай, ақ қайын  
Сыбдырлап сыр шерткен.  
Жұлдызды аспаның  
Жаныма нұр сепкен.  
Келші деп шақырған  
Қырда бар жуасы.  
Жусаны аңқыған  
Шипа ғой ауасы.  
Шиелі ну бағы,  
Зәмзәмдай бұлағы  
Өзіңмен кездескен  
Қайда сол гүл бағы?  
Ақ ниет армандай  
Төбеде туған ай.  
Асығып келемін  
Күтер деп қалқатай.

## ӘЖЕЛЕР ӘНІ

*Сөзі: Бақыт Әбділманованікі*

*Музыкасы: Иран Ильяшевтікі*

Құрбыларым өткенді айтып сырласып,  
Әсем сазым қалықтайды қырды асып.

Ақ батасы әжелердің ақ тілек,  
Бара жатыр аққу үнге ұласып.  
Бара жатыр аққу үнге ұласып.

**Қайырмасы:**

Сырымбетім өмір дастан, дәурен-ай.  
Сағындырған сәукелелі сәулем-ай.  
Ансамблі әжелердің ән салса,  
Толықсыған аспандағы туған ай.  
Толықсыған аспандағы туған ай.

Түс кигізді әсемдетіп басқандай,  
Ақ күмістен теңге шашу шашқандай.  
Сырымбеттен шырқағанда әжелер,  
Жымындайды жұлдыздарым аспандай.  
Жымындайды жұлдыздарым аспандай.

**Қайырмасы:**

Сырымбетім өмір дастан, дәурен-ай.  
Сағындырған сәукелелі сәулем-ай.  
Ансамблі әжелердің ән салса,  
Толықсыған аспандағы туған ай.  
Толықсыған аспандағы туған ай.

Шәйі көйлек кестелеген сәнімен,  
Ақ кимешек ағарған тек таңымен.  
Ақ қайыңдар жасыл қамзол жамылған,  
Билегендей әжелердің әнімен.  
Билегендей әжелердің әнімен.

## СҰЛУ КӨКШЕ

Сексен көлді Көкше аталған аймағым,  
Ежелден сен ертегіге айналдың.  
Жырлап өтті нелер ақын өзінді,  
Сұлу Көкше атыңнан мен айналдым.

Абылайхан иеме ата мекен,  
Бетін жуған суымен сұлу Сәкен.  
Бурабайдың көліне аққу қонып,  
Сауық құрған сері Ақан нөкерімен.

Сүйем сені көгілдір, сұлу Көкшем,  
Аңсағаным сен ғана қайда жүрсем.  
Қасиетті, киелі топырағың,  
Қате болмас жерұйық осы десем.

Хан алаңы-гүл алаңы жайнаған,  
Мұнар басқан көгілдір тау айналам.  
Күлімдеген жанарындай сұлудың,  
Күміс көлдер аумайды ғой айнадан.

Суың күміс, ауаң жұпар аңқыған,  
Саған деген құмарым бар шалқыған.  
Таңғы самал, дертке шипа ауаңнан  
Тұла бойым қорғасындай балқыған.

## САУМАЛКӨЛДІ САҒЫНДЫМ

Айлы түнде жымың қаққан  
Жұлдыздардан алқа таққан,  
Аққу-қаздар үнін қаққан  
Айдыныңды сағындым.

Таң шолпаннан сырға таққан,  
Сыр-сандықтың сырын ашқан,  
Ақ қайындар мұнын шаққан  
Таң самалын сағындым.

Жаң-дүниең балқып жатқан,  
Маңғаз толқып, шалқып жатқан,  
Асау толқын маржан шашқан  
Қүдіретіңе бағындым.

Пейілің кең даламдайын,  
Асыл қария данадайын,  
Сұлулығың танадайын  
Саумалкөлдi сағындым.

*Айыртау ауданы*





## **Нұржамила ӘЛІБЕКОВА**

*1949 жылы Омбы облысында  
туған. Қызыл-Сая ауылында орта  
мектепті бітірген.*

*Өлеңді мектепте оқып жүрген  
кезінде жаза бастаған. Орыс  
сыныптарында математикадан  
сабақ береді.*

### **АСЫЛ МЕКЕН**


Тұрған жерім, “Жалтыр” көлдің жағасы  
Сұлу мінез “Қамсақтының” сағасы.  
Тұрған жерім қасиетті бір мекен,  
Әнші, күйші ақындардың даласы.

Осы жерде өсіп өнген Кәкімбек,  
Әнін салған Ыбырайың “Тәккулеп”,  
Мұса - дағы осы жердің түлегі.  
Жатыр сері қасымызда мекендеп.

Туған елім, мен өзіңнен айналам.  
Ақындарға тұнып тұр паң далаң.  
Мөлдiреген сезiмдермен жыр жазған,  
Мен анамын топырағыңнан нәр алған.

### **ЖЫРЫМ МЕНІҢ**

Жүрегімде жырларым лапылдаған,  
Өнерім бар кен болып ашылмаған.  
Жыр бұлағы кеудемді толқытады,  
Қазағыма шашу болып шашылмаған.



Жыр деген жүрегімді толқытады,  
Жетелеп әсерімен балқытады.  
Кейде бір мұнды күйге енгізсе де,  
Кей кезде кең дала ғып шалқытады.

Сұлу жыр түнде қағып есігімді,  
Сезіммен тербетіп тал бесігімді.  
Әкем болып сөйлейді кейбір кезде,  
“Жаз қызым, Нұржамила есіміңді”.

Жырым менің серігім сырласатын,  
Ұққандай бір-бірімізді тыңдасатын.  
Қуаныш пен ренішті бірдей бөліп,  
Құрбыма айналады сыр ашатын.

*Айыртау ауданы*



## Гүлсім ӘУБӘКІРОВА

*1960 жылы Шал ақын ауданындағы Қаратал ауылында туған. СҚМУ-дың химия факультетінде қызмет істейді. Химия ғылымдарының кандидаты.*

### МАҒЖАННЫҢ МОНОЛОГЫ

Ауыздықпен алысып, еркін өскен ұл едім,  
Кең даламда қазаққа өзім патша, Күн едім.  
Тұлғам қандай айбарлы – нәзік сондай жүрегім,  
Қаруланып біліммен, жаулап алғам жыр елін.

Ес білгеннен “Қазақ!” деп, мақтанышпен айтқанмын,  
Сезімімді сапырып жырларымда шайқадым.  
Халқым үшін құрсаулы қалып барын байқадым,  
Мүмкін емес еді ғой күресуден қайтпағым.

Күрестегі қаруым – мұқалмаған қаламым,  
Тура қарар тайсалмай оттай ыстық жанарым.  
Өзгерісті даламда қалт жібермей бағады,  
Ақыл-есім қалғымай ой қорытқан саналы.

Қыраны едім даламның қырандыққа баулитын,  
Тура келдім заманға алыптарды “жау” дейтін.  
Алаш азаматтары бас көтеріп “Әу!” Дейтін,  
Елестеттік жеңдетке асқақ тұлға – тау кейпін.

Өкінбедім мен әсте, жолым ауыр болды деп,  
Таусыларда тозақта соңғы демім, соңғы леп:  
Түсіндім де зорлықты, бар сұмдығын уақыттың,  
Өкіндім мен кеудемде сенім гүлі солды деп...

Қаншама жыл.. Даламның азат таңы атыпты,  
Әшкерелеп, айыптап сол бір ауыр уақытты.  
Босатыпты бұғаудан шынжырланған шындықты,  
Соны көрген бүгінгі жас ұрпағым бақытты.

Бақыттымын мен-дағы, көрмесем де білемін,  
Бүгінгі ұрпақ, өзінмен соғар бірге жүрегім.  
Ұзақ жылдар даламның түрілмеген түңегін,  
Серпілтші деп сен үшін, қалың елім, тіледім.

Ерікті елдің көгінде өлең, жырым самғапты,  
Еңбектерім жазылған бірі де ұмыт қалмапты.  
Шынжырлары бұғаудың болса-дағы салмақты,  
Үзіліпті, үнімді мәңгілікке жалғапты.

## АНАМА

Өмірдің қалт-құлт еткен кемесінде,  
Сен алпыстың, мен қырық белесінде,  
Жанып тұрмыз екі ана – екі шырақ...  
Құдіретім жетпейді теңесуге.

Құлақ аспай көп айтқан кеңесіңе,  
Тұрған жанып құр менің елесім бе?..  
Өзін де, өмірді де түсінбеген  
Қызыңды Сен түсінбей келесің бе?

Ықтасын болатындай бір тұрағы  
Табылмай, жарым көңіл шарқ ұрады.  
... Тәп-тәуір жарығы бар шырағданның  
Жалыны салмақсыз ғой, шалқымалы.

Айнала ауа көшіп, жел тұрады,  
Дірдек қағып, сөнуге сәл тұрады.

Жарығы, жалыны үшін күрестері  
Бір басына жетіп-ақ артылады...

Өмірдің қалт-құлт еткен кемесінде,  
Сен алпыстың, мен қырық белесінде,  
Жанып тұрмыз екі ана – екі шырақ...  
Құдіретім жетпейді теңесуге.

## ӨМІР ДЕГЕН...

*Ерарайға*

Өмір – өзең,  
Қара толқын күзі бар,  
Көктемі бар: сең – көрпесі бұзылар.  
Жайсаң жазда жадырайды мінезі,  
Тұнығына жүзіп ал

Өмір – өлең,  
Сұлудайын сызылар,  
Шаттық - гүлі, қайғы-мұны, жүгі бар.  
Жаныңа азық кәусар жырдың маржанын  
Тереңнен сүзіп ал

Өмір – өзең,  
Өмір – өлең  
Біз ұғар.  
Ұға алмаған ерте сынар, жығылар –  
Ақ алмастай қиып түсер жүзі бар.  
Ұққандардың жағалауда ізі бар.  
Өмір – өзең,  
Өмір – өлең  
Біз ұғар.

Өзің барда–  
Нұрландырар күнім бар.  
Өзің барда–  
Жағалауда ізім бар.  
Анаң барда,

Алаңдамай білім ал  
Миың мен жүрегіңнің еңбегін  
Өмір дейді,  
Өмір дейді, біліп ал!

## “... СЫРЫМ БОП ҚАЛ”

Түп-тұнық бастауындай өмірімнің  
Тербетеді жанымды қоңыр үнің.  
Мамырдай беймазалау шақта мына  
Қақтың-ау қоңырауын көңілімнің.

Жастығың ба, көктем бе... Кінәламаң,  
Сал – сезім қылаң етті құба жалдан.  
Ғұмыры ұзақ ақырғы шаттығым ба,  
“Кездестір” деп тағдырдан сұрап алған.

Жүрегімде тірілген талып барып,  
Сезім үркек, жат қылық танытпалық.  
Сағынышқа сағыныш қосылғандай,  
Күтіп едім жолыңа жарық жағып.

Қызығынан өмірдің қалып бөтен,  
Қаласаң – жалыныңа жанып кетем.  
Не де болса ... Ең тәтті сырым боп қал,  
Өзіммен мәңгілікке алып кетем.

## “ҚЫЗЫЛЖАРДА БІР ҮЙДІҢ ТЕРЕЗЕСІ”

*Бақытжан мен Меңсұлуға*

Күнбағыспын Күнді іздеп бұрылатың,  
Жүзіме жүгірсе мұң көлеңкесі.  
Жарығыңа келем де, жылынамың,  
Қызылжарда бір үйдің терезесі.

Шалқып-тасып отырам, сыр ақтарып,  
Оралады жанымның мерекесі.

Жібересің кеудеме шырақ жағып,  
Қызылжарда бір үйдің терезесі.

Жаз келемін, жаныңнан күз өтемін,  
Қай қырларға бұрса да тағдыр көші.  
Алыстан да шамыңды күзетемін,  
Қызылжарда бір үйдің терезесі.

Өмірімде сен бар деп мақтанамын,  
Биік те кең босаға, керегесі.  
Жарығыңды көргенде шаттанамын,  
Қызылжарда бір үйдің терезесі.

Тәлім алар мол сенің тағылымың,  
Отбасының үлгісі, өнегесі.  
Күн нұрындай көремін жарығыңды,  
Қызылжарда бір үйдің терезесі.

Махаббат пен достықтың шалқып әні.  
Сыйластықтың шынайы лебі еседі.  
Келтірген өмір сәнін – сенің шамың,  
Қызылжарда бір үйдің терезесі.

## ӘКЕМЕ КӨҢІЛ АЙТУ

Жаныңнан ұзақ жібермеуші едің сапарға,  
Жібектей жаздың сарғайтпай таңы атар ма?  
Егіле бермей, бекітші, әке, көңілінді,  
Түсіме кір деп жалбарына көр жатарда.

Баланың орыны, бөлек қой орыны жарыңның,  
Қалмады сәні жайқалып тұрған бағыңның.  
Не көмек берем, пенденің бірі болғасын –  
Анамды мен де сағындым.

Дүние – жарық, алдымыз – бұлдыр, тұман-ды,  
Екінші өмір жоқ деудің өзі күмәнді.  
Басына барып, мауқыңды басып, бағыштап,  
Оқи бер, әке, құранды.

Көзіңе қарап, немеренді иіскеп алданшы,  
Алдану керек, өйткені жалған – алдамшы.  
Әжесіз қалып, қызықтарынан қағылды,  
Сусындататын өзіңсің енді бар тамшы.

Басқадай амал, емі жоқ жүрек – дертіңнің,  
Жасыңды көріп, шарасыз күйде мен тұрмын.  
Құлатпай мені, жылатпай мені тағы да,  
Серпілші деймін, әкетай, енді серпілгін!

*Петропавл қаласы*





*Кулпән*  
**ӘМІРЖАНҚЫЗЫ**

*1932 жылы туған.  
Уәлиханов ауданындағы  
Бидайық ауылында тұрады.*

## БІЛІМ АЛАР БАЛДЫРҒАНДАРҒА

Зерделі, ұғымды бол, үздік оқы,  
Арқау қып, ұққаныңды ішке тоқы.  
Қоғамға пайдаң тисін білімді боп,  
Талпынсаң ыждағатпен, болмас олқы.

Арлы бол, кішіпейіл, ғибратты,  
Зиялы, сыпайы бол нұр-сымбатты.  
Бөгетсіз тосқауылдан тез өтерсің,  
Сақтасаң саф алтындай ар-ұятты.

Мінезің шөлкес болмай, төзімді бол,  
Тәртіпті, тәрбиелі, сезімді бол  
Тайсалмай, тартпақтамай, алға ұмтыл,  
Қарағым, ата-ананың тілегі сол

Жүрегің жарық айдай таза болсын,  
Ақылың бар ісіңе аға болсын.  
Ісіңмен барша жұртты сүйсіндірсең,  
Ел-жұрттың алғыс айтып, баға берсін.